

## ЕСКЕРТПЕ

Консульдық қатынастар жөніндегі Вена конвенциясының 36-шы бабының 1-ші тармағының б әрпіне байланысты Германия Федеративтік Республикасы Сіздің отан еліңіздің консульдық өкілдігіне Сіздің талабыңызға сай Сіздің бас бостандығыңыздан айырылып түрмеде отырғаныңызды кешіктірмей хабарлап айтуға міндетті болып саналады. Бұл хабарды жеткізіп айту сот, мемлекеттік прокуратура немесе Сіздің бас бостандықтан айырылу жазасын өтеп отырған мекеме арқылы істелінеді.

Осыған қоса **Сіз келісіміңізді берген күнде** Сіздің бас бостандықтан қандай жағдайға байланысты айырылғаныңыз жөнінде де Сіздің отаныңыздың шетелдегі өкілдігіне хабарлап айтуға **болады**. Берген бұл келісіміңізді кез-келген уақытта қайтып алуыңызға болады.

Осыны толықтыра отырып, Германия Федеративтік Республикасы мен басқа да бірнеше мемлекеттердің арасында консульдық өкілдіктерге тиісті адамның келісімісіз немесе оның еркіне қарамастан хабар беруге міндеттейтін келісімдердің жасалғанына Сіздің назарыңызды аударамыз. Қазіргі уақытта төмендегідей мемлекеттермен осындай келісімдер бар:

**Доминика, Фиджи, Гренада, Греция, Гайана, Италия, Ямайка, Лесото, Малави, Мальта, Маврикий, Монако, Сьерра-Леоне, Испания\*, Сент-Китс және Невис, Санкт Висент және Гренадия, Тунезия, Ұлыбритания Құрама корольдығы және Солтүстік Ирландия (Канал аралдары, Мэн аралы және британиялық колониялар (Ангилья, Бермуда, Британиялық Виргин аралдары, Фалкленд аралдары, Гибралтар, Кайман аралдары, Монтсеррат, Питкэрн аралдары, Санкт Хелена, Вознесения аралы және Тристан-да Кунья, Тёркс және Кайкос аралдары)), Кипр.**

Егерде Сізде осы елдердің біреуінің азаматтығы болса, онда Сіздің отан еліңіздің шетелдегі өкілдігіне - Сіз тілемеген күннің өзінде де - Сіздің бас бостандығыңыздан айырылып түрмеде отырғаныңыз жөнінде сот, мемлекеттік прокуратура немесе Сіздің бас бостандықтан айырылу жазасын өтеп отырған мекеме арқылы хабар беріледі.

Әрине, Сіздің өзіңізге де отан еліңіздің консульдық өкілдігіне өзіңіздің бас бостандықтан айырылып, түрмеде отырғаныңыз жөнінде хабар беруіңізге болады. Сізге кел-келген оларға басқа да хабарлар жіберуге болады.

\* Есіңізде болсын, заң талабына сай хабар беру Сіздің еліңіздің жақындау жердегі консульдық өкілдігіне хабар беруді өзіңіздің талап етуге жағдайыңыз болмаған күнде ғана іске асырылады.